Газет 1970 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газета выходит с 1 января 1970 года.

@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY

ILE TANY

№39 (5200) Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық 25 қыркүйек (жұма) сентября (пятница) 2026 жыл год Алматинская-Жетысуская областная общественно-политический еженедельник

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ФОРУМ



Қазіргі таңда жастардың өмірі цифрлық ортамен тығыз байланысты. Қаржыға қатысты көптеген операция онлайн жасалады, ақпараттың басым бөлігі әлеуметтік желілер арқылы тарайды. Мұндай жағдайда құқықтық сауаттылықпен қатар қаржылық және цифрлық қауіпсіздік мәселелерін білу де күнделікті қажеттілікке айналуда. Себебі бір қарағанда қарапайым көрінетін әрекеттің өзі адамның жеке деректеріне, банк шотына немесе қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін.

Осы мәселелерді жастар арасында кеңінен түсіндіру мақсатында 18 қыркүйек күні Өтеген батыр ауылындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Менің таңдауым – заң және қаржылық қауіпсіздік» атты форум өтті. Іс-шара жастар арасында заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыруға, қаржылық сауаттылықты арттыруға және қазіргі қаржылық қауіп-қатерлер туралы ақпарат беруге бағытталды. Форумға Іле ауданындағы мектеп оқушылары мен колледж студенттерінен құралған 400-ге жуық жас қатысты.

Форум басталмас бұрын Мәдениет үйінің фойесінде экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жобалар көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барысында оқушылар өздерінің бастамаларын таныстырып, заңсыз әрекеттердің алдын алу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және жастарды пайдалы іске бағыттау жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салды.

Солардың бірі – Ә.Молдабеков атындағы №6 орта мектеп оқушылары ұсынған «Stop Games – Start Life» жобасы. Жоба ақпараттық бұрыш ретінде таныстырылып, қазіргі таңда мектеп қабырғасында белсенді түрде қолданылып келеді. Бастаманың негізгі мақсаты – оқушылардың компьютерлік және интернет ойындарына шамадан тыс әуестенуінің алдын алып, олардың уақытын пайдалы әрі танымдық бағыттарға бұру.

Жобаның жетекшісі – Сарсен Анеля Нурсапақызы. Бастамаға Нұрғиса Нұрасыл, Арман Айлан, Нұрбақын Інжу, Ахмет Айарыс және Есенқұл Абайхан есімді оқушылар атсалысуда. Жастар өз жобалары арқылы құрдастарын уақытты тиімді пайдалануға, өмірлік маңызды мақсаттарға ұмтылуға және белсенді өмір салтын қалыптастыруға шақырады.

Көрмеде Боралдай кентінің Жайнақ ықшам ауданындағы №40 орта мектептің «Таңдау сенде» акциясы да таныстырылды. Бұл бастаманың мақсаты – оқушылардың қызығушылығын дамыту, оларды спортқа, шығармашылыққа және басқа да пайдалы бағыттарға тарту арқылы бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Акция аясындағы жұмыстар оқу жылының басында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып жоспарланған. Оқушылардың қызығушылықтары мен ұсыныстары зерделеніп, соған сәйкес апта сайын түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Жобаның жетекшісі – №40 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Өмірзаққызы Нұргүл. Бастаманы мектептің «Адал ұрпақ» мүшелерінен құралған оқушылар тобы жүзеге асыруда.

Аталған жобалар жастардың құқықтық және әлеуметтік жауапкершілігін арттырумен қатар, олардың бос уақытын тиімді өткізуге, дұрыс таңдау жасауға және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал ететін нақты бастамалар ретінде көпшілік назарына ұсынылды.

Форум аясында қатысушылар үшін танымдық әрі интерактивті бағыттағы шаралар да ұйымдастырылды. Атап айтқанда, тоғызқұмалақтан жарыс өтіп, үздік ойыншылар анықталды. Бұл ұлттық ойынды насихаттаумен қатар, жастардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік берді. Осылайша іс-шара мазмұны тек дәріс тыңдаумен шектелмей, көрме, жоба таныстырылымы, пікір алмасу және спорттық сайыс сияқты түрлі форматтармен толықты.

(Жалғасы 4-бетте).

ҚИЫНДЫҚҚА МОЙЫМАҒАН ҚОС ШЕБЕР

Байкент ауылдық Мәдениет үйінде Іле аудандық «Ардагерлер ұйымының» бастамасымен «Іскерлік және жанашырлық» пилоттық жобасы аясында қолөнер шеберлерімен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты – өмірдің түрлі сынақтарына қарамастан, еңбек етіп, өз кәсібін қалыптастырып, қоғамға пайдасын тигізіп жүрген азаматтардың өмір жолын насихаттау, олардың еңбегін бағалау және кәсіпкерлік пен ұлттық қолөнерді дамытуға қолдау көрсету.

Кездесуге Байкент ауылының тұрғыны, кәсіпкер, ағаш ұстасы, қолөнер шебері Ержан Нұрмұхамбетов және М.Түймебаев ауылының тұрғыны, кәсіпкер, қолөнер шебері Жеңісгүл Дәулетова қатысты.



Екі шебер де – мүгедектігі бар жандар. Өмірлерінде кездескен ауыр сынақтарға қарамастан, олар қиындыққа мойымай, еңбек етуді, кәсіппен айналысуды және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруды таңдаған. Олардың өмір жолы – қайсарлықтың, табандылықтың және өмірге деген құлшыныстың үлгісі.

Ержан Нұрмұхамбетов – ағаш ұстасы әрі қолөнер шебері. Төрт баланың әкесі. Ол өз кәсібін үй жағдайында бастап, бүгінде ағаш өңдеу өнерімен айналысып келеді. Шебер ұлттық музыкалық аспап – домбыра жасайды. Сонымен қатар өз үйінде аяқ киім жөндеу қызметін көрсетеді.

Ержанның өмір жолында да күтпеген ауыр сынақ болған. Алайда ол қиындыққа қарамастан, өмірден өз орнын табуға талпынып, еңбектің арқасында кәсібін қалыптастырды. Бүгінде өз қолынан бұйым жасап, адал еңбекпен нәпақасын тауып отырған Ержанның табандылығы көпке үлгі.

Кездесудің тағы бір қонағы – М. Түймебаев ауылының тұрғыны Жеңісгүл Дәулетова. Ол – кәсіпкер, ұлттық қолөнер шебері және қоғамдық белсенді.

Жеңісгүл Дәулетова да мүгедектігі бар жан ретінде өмірдің қиын сынақтарына қарамастан, өзіне сенім артып, еңбек жолын жалғастырып келеді. Ол жиырма жылдан астам уақыт бойы қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін жаңғырту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қолөнер бұйымдарын насихаттау бағытында жемісті еңбек етіп келеді.

Шебердің туындылары ұлттық нақышымен, көркемдік ерекшелігімен және шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді. Ол қолөнерді тек шығармашылық бағыт ретінде ғана емес, кәсіп ретінде де дамытып, кәсіпкер әйелдерді қолдауға және жас шеберлерге бағыт-бағдар беруге атсалысып келеді.

2024 жылы Жеңісгүл Дәулетова республикалық «Жан шуақ» премиясының «Кәсіпкерлікке қосқан үлесі үшін» номинациясының жеңімпазы атанды. Сондай-ақ «Бір ауыл – бір өнім» республикалық жобасының жеңімпазы болды.

Жеңісгүл Дәулетова – Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік білім беру» мамандығы бойынша бакалавр түлегі. Білімін тәжірибесімен ұштастыра отырып, ұлттық өнерді дамытуға және кәсіпкерлік саласына өз үлесін қосып келеді.

Кездесу барысында қос шебер өздерінің өмір жолы, кәсіпке келуі, шығармашылық ізденістері мен еңбек жолындағы қиындықтары туралы айтып, көпшілікпен тәжірибелерімен бөлісті. Қолөнердің қыр-сыры, кәсіпкерлік жолы, ұлттық өнерді сақтау және оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызы жөнінде еркін пікір алмасты.

Тағылымды кездесудің мазмұнын өнерпаздардың музыкалық тартулары да толықтырды. Әншілер мен «Ұлағат» ардагерлер ансамблі әннен шашу шашып, кездесудің көркін қыздырып, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Іскерлік және жанашырлық» жобасы аясындағы бұл кездесу – мүгедектігі бар азаматтарды қолдау, олардың еңбегін бағалау, кәсіпкерлік бастамаларын насихаттау және ұлттық өнерді дәріптеу бағытындағы маңызды басқосу болды.

Ержан Нұрмұхамбетов пен Жеңісгүл Дәулетованың өмір жолы – қандай қиындық кездессе де, мойымай, еңбек етуге, өз кәсібін қалыптастыруға және қоғамға пайда әкелуге болатындығының жарқын үлгісі.

Жұлдыз БҰЗАУҚЫЗЫ,
Байкент ауылдық Мәдениет үйінің директоры

САЙЛАУ

Құрметті Боралдай кентінің тұрғындары!
Қадірменді сайлаушылар!

Мен, Ортыбаев Қайрат Әуелханұлы, 1986 жылы Алматы облысы, Талғар ауданында дүниеге келдім. Еңбек жолым Іле ауданының өркендеуіне, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға арналды. Жоғары білімім бар – Алматы үздіксіз білім беру университетін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдадым. Мемлекеттік қызметті 2006 жылы Іле ауданы Байсерке ауылдық округі әкімінің аппаратынан бастап, аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімінің жетекші маманынан басшысы қызметіне дейін көтерілдім. 2021 жылдан бастап Энергетический ауылдық округі әкімінің орынбасары, ал 2023 жылдан бері Қараой ауылдық округінің әкімі болып қызмет етіп келемін. Жұбайым Самал Асқарқызы екеуіміз 5 бала тәрбиелеп отырмыз. Партиямыздың ұстанымдарына сай, ел алдындағы адал қызмет пен жауапкершілік – мен үшін әрқашан бірінші орында. Осы жинақталған басқарушылық тәжірибемді Боралдай кентін өркендетуге жұмсау мақсатында Боралдай кенті әкімі лауазымына кандидат ретінде қатысу туралы шешім қабылдадым. Кандидат ретінде сайлауға «ӘDILET» партиясынан ұсынылдым.

Сайлауға қатысудағы мақсатым – Боралдай кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса отырып, халықтың өмір сапасын жақсарту үшін еңбек ету. Бүгінгі таңда Боралдай кентінде 39 360 тұрғын (22 690 сайлаушы) тұрады. Кент аумағында 217 көшенің жалпы ұзындығы 107 км құрайды (оның ішінде 165 көше немесе 79 км жөндеуден өткен), 38 әлеуметтік нысан (6 жалпы білім беретін мектеп, 1 жеке меншік мектеп, 1 орталық аурухана және жеке клиникалар) жұмыс істейді, сондай-ақ 2800-ден астам бизнес субъектілері қызмет көрсетеді. Осындай іргелі өңірді дамыту жолында менің сайлауалды бағдарламам келесі 7 негізгі бағытты қамтиды:

Кенттің экономикасын және кәсіпкерлікті дамыту:

Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін ең алдымен кенттің экономикасын дамытудың жаңа бағыттарын ашу, кәсіпкерлік пен бизнес субъектілеріне жанжақты жағдай жасау. Инвесторларды тарту арқылы жаңа өндіріс орындарын іске қосып, жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу басты міндеттердің бірі болмақ.



Инфрақұрылымды және энергетиканы жаңғырту:

Индустриалды аймақта жаңа 110/10 кВ қосалқы станциясын салуға бөлінген жер учаскесі бойынша қаржыландыруды шешіп, құрылысын тез арада бастау. №35 және №36 станцияларына күрделі жөндеу жүргізіп, тозған кабелдерді толықтай ауыстыру. Кент бойынша 1 000-нан астам жаңа көше жарық тіректерін орнату (әсіресе мектеп және аялдама маңында).

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және сумен қамту:

«Водник-1» мен жеке сектордың су жету жүйелерін мемлекет балансына алу (280 млн. теңге көлемінде қаржы қарастыру) және Жаужурек, Аэродромная көшелеріндегі су құбырының реконструкциясын толық аяқтап, қолданысқа беру. Ломоносов және Черёмушки ықшам аудандарында инженерлік желілерден кейін абаттандыру жобасын жүзеге асыру. «Водник» мкр. тал және жауын суларын бұратын арық-дренаж жүйесін салу, орталық саябағын күрделі жөндеуден өткізу.

Әлеуметтік инфрақұрылым мен білім беруді нығайту:

Жайнақ ықшам ауданында бөлінген 3,5 га жерге 1 200 орындық жаңа мектеп салу жобасын ГЧП (МЖӘ) немесе агломерация аясында қаржыландырып, нақты мерзімін белгілеу. «Водник» мкр. №15 мектебіне қосымша оқу корпусын (пристройка) салу. Денсаулық сақтау, спорт және мәдени салаларды дамытуды үнемі назарда ұстау.

Көлік және жол қатынасы:

«Жайнақ – Водник – Ескі Боралдай» бағытында және «Боралдай – Барахолка» арасында жаңа автобус маршруттарын іске қосып, субсидиялау мәселесін түбегейлі шешу. 217 көшенің ішінде жөндеуді қажет ететін 70-тен астам көшені жыл сайын кезең-кезеңімен асфальттау жұмыстарын жүргізу.

Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау:

Азаматтардың еңбек ету әлеуетін арттыру мақсатында жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға қолдау көрсету, жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау курстарынан өткізіп, жаңа мамандықтарға бейімдеу, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, сондай-ақ әлеуметтік осал топтардың жағдайын жақсарту шараларын жүзеге асыру.

Қолайлы орта қалыптастыру, экология және қауіпсіздік:

Қоқыс алаңдарын бюджетке салмақ салмай, мусор шығарушы ұйымдардың өз қаражаты есебінен жаңғырту және салу. 30-дан астам жаңа балалар ойын алаңын салу. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – алаңсыз өмір сүрудің кепілі екенін ескере отырып, түрлі деңгейдегі заң бұзушылықтардың алдын алу шараларын күшейту.

Құрметті тұрғындар!

Өзімнің сайлауалды бағдарламамда Боралдай кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталатын басты шараларға тоқталып өттім.

2026 жылдың сайлауында мен үшін дауыс беріп, Боралдай кенті әкімі лауазымына лайық деп тапсаңыздар, сайлауалды бағдарламамда көтерілген мәселелерді толыққанды жүзеге асыруға бар тәжірибем мен күш-жігерімді саламын.

Себебі, елге қызмет – мен үшін абыройлы міндет!

Боралдай кентінің әлеуетін арттырып, бірге дамытуға шақырамын!

Мен, Сабдикенов Руслан Мұратханұлы, Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кентінің әкімі қызметіне өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

Құрметті Іле ауданы Боралдай кентінің тұрғындары!

Боралдай кентінің әкімі лауазымына үміткер ретінде үгіт-насихат жұмыстарымды бастадым.

Сіздердің қолдауларыңыз мен үшін маңызды!

Мақсатым – тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу және ауданымыздың дамуына үлес қосу.

Құрметті жерлестер!

Мен Боралдай кентінің әкімі лауазымына үміткер ретінде өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып, үгіт-насихат жұмыстарымды бастадым.

Борладай кентін бірге дамытайық!

Егер маған дауыс берсеңіздер, келесі бағыттар бойынша нақты жұмыстар жүргіземін:

– Кент тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етуге;

– Тұрғындарды сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесін шешуге;

– Ауылішілік көшелердің жағдайын жақсарту, жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасауға;

– Кент аумағын абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге;

– Көше жарықтандыруын жақсарту және тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға;

– Балалар мен жастардың спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасап, спорттық секциялар мен үйірмелерді дамытуға;

– Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және қоғамдық бастамаларын қолдауға;

– Әлеуметтік тұрғыдан осал тұрғындарға қолдау көрсету мүмкіндіктерін кеңейтуге;

– Тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және бұқаралық спортты дамытуға;

– Қоршаған ортаны қорғау, көгалдандыру



және «Таза Қазақстан» қағидаттарын жүзеге асыруға;

– Кент тұрғындарымен тұрақты кері байланыс орнатып, олардың ұсыныстары мен өзекті мәселелерін шешуге ықпал етемін.

Я, Сабдикенов Руслан Муратханович, выдвигаю свою кандидатуру на должность акима Боралдайского поселка Илийского района Алматинской области.

Уважаемые жители поселка Боралдай Илийского района!

Я начал агитацию в качестве кандидата на должность акима поселка Боралдай.

Моя цель – улучшить условия жизни жителей, решить важные социальные вопросы и внести вклад в развитие поселка.

Ваша поддержка – залог достижения наших общих целей!

Уважаемые земляки!

Я, как кандидат на должность акима поселка Боралдай, представляю свою предвыборную программу и начинаю агитационную работу.

Вместе за развитие поселка Бораладй!

Если вы проголосуете за меня, я приложу все усилия для решения проблем:

– Содействовать обеспечению жителей поселка постоянной занятостью и созданию новых рабочих мест;

– Решать вопрос бесперебойного обеспечения жителей качественной питьевой водой;

Улучшать состояние внутрипоселковых улиц, проводить текущий ремонт дорог и создавать комфортные условия для пешеходов;

– Обеспечивать благоустройство, озеленение и санитарное содержание территории поселка;

– Улучшать уличное освещение и повышать безопасность жителей;

– Создавать благоприятные условия для занятий спортом детей и молодежи, развивать спортивные секции и кружки;

– Эффективно организовывать досуг молодежи и поддерживать их общественные инициативы;

– расширять возможности оказания поддержки социально уязвимым категориям населения;

Формировать среди жителей культуру здорового образа жизни и развивать массовый спорт;

Обеспечивать охрану окружающей среды, озеленение и реализацию принципов «Таза Қазақстан»;

Поддерживать постоянную обратную связь с жителями поселка, рассматривать их предложения и принимать меры по решению актуальных вопросов.

АҚПАРАТ

Мен, Сүлейменов жалас Мұратұлы, Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кенті әкімінің қызметіне өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

Құрметті Іле ауданы Боралдай кенті тұрғындары!

Боралдай кентінің әкімі лауазымына үміткер ретінде үгіт-насихат жұмыстарымды бастадым.

Мақсатым – Боралдай кентінің инфрақұрылымын дамыту, тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту, абаттандыру мен тазалықты қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету және тұрғындардың өзекті мәселелерін жүйелі түрде шешу.

Өз тәжірибеме сүйене отырып, сіздердің сенімдеріңізді ақтауға, кентіміздің дамуына нақты үлес қосуға және белгіленген міндеттерді нәтижелі жүзеге асыруға дайынмын.

Құрметті кент тұрғындары!

Боралдай кентінің әкіміне үміткер ретінде мен кентіміздің дамуына бағытталған нақты әрі тиімді шараларды жүзеге асыруға дайынмын. Менің басты мақсатым – әрбір тұрғынның мәселесіне көңіл бөліп, кент тұрғындарының қажеттіліктерін ескеру.

Боралдай кентін бірге дамытайық!

Егер маған дауыс берсеңіздер, келесі бағыттар бойынша нақты жұмыстар жүргізетін боламын:

– Боралдай кентінің инфрақұрылымын дамыту;

– Жолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарын жақсарту, ішкі көшелерді жөндеу және асфальттау жұмыстарын жандандыру, жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы тротуарлар салу және қолданыстағы жолдарды ретке келтіру;

– Абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын күшейтуге – көшелердің, аулалардың және қоғамдық орындардың санитарлық жағдайын жақсарту, жасыл желектерді көбейту, ағаш отырғызу жұмыстарын жүйелі жүргізу, саябақтар мен демалыс орындарын абаттандыру;

– Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын көбейтуге – балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау мақсатында жаңа ойын және спорт алаңдарын салу, қолданыстағы алаңдарды жөндеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– Тазалық пен қоғамдық тәртіпті жақсартуға – тұрмыстық қалдықтарды уақытылы шығару, заңсыз қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу, көшелер мен қоғамдық орындардың тазалығын тұрақты бақылауда ұстау. Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша тиісті органдармен бірлескен жұмысты күшейту;

– Кәсіпкерлік пен жаңа жұмыс орындарын дамытуға – шағын және орта бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау, жаңа өндіріс пен қызмет көрсету нысандарын ашуға қолдау көрсету және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға ықпал ету;



– Тұрғындардың өзекті мәселелерін ашық әрі жүйелі түрде шешуге – тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу, олардың ұсыныстары мен өтініштерін тыңдау, көтерілген мәселелер бойынша нақты шаралар қабылдау және атқарылған жұмыстар туралы халықты тұрақты ақпараттандыру. Әрбір мәселенің шешілу барысын бақылауда ұстап, тұрғындар мен әкімдік арасындағы ашық байланысты қамтамасыз ету.

Я, Сүлейменов Жалас Муратович, выдвигаю свою кандидатуру на должность акима поселка Боралдай Илийского района Алматинской области.

Уважаемые жители поселка Боралдай Илийского района!

В качестве кандидата на должность акима поселка Боралдай я начал предвыборную агитационную работу.

Моя цель – развитие инфраструктуры поселка Боралдай, улучшение условий жизни жителей, обеспечение благоустройства и чистоты, содействие созданию новых рабочих мест и системное решение актуальных вопросов жителей.

Опираясь на свой опыт, я готов оправдать ваше доверие, внести конкретный вклад в развитие посёлка и эффективно реализовать поставленные задачи.

Уважаеыме жители поселка!

Как кандидат на должность акима поселка Боралдай, я готов реализовать конкретные и эффективные меры, направленные на развитие нашего поселка. Моя главная цель – уделять внимание проблемам каждого жителя и учитывать потребности населения посёлка.

Будем развивать поселок Боралдай вместе!

Если вы окажете мне доверие и поддержите мою кандидатуру, я буду проводить конкретную работу по следующим направлениям:

– Развитие инфраструктуры посёлка Боралдай;

– Улучшение состояния дорог и пешеходных зон, активизация работ по ремонту и асфальтированию внутрипоселковых улиц, строительство безопасных и удобных тротуаров для пешеходов, приведение существующих дорог в надлежащее состояние;

– Усиление работ по благоустройству и озеленению – улучшение санитарного состояния улиц, дворов и общественных мест, увеличение количества зелёных насаждений, систематическое проведение работ по посадке деревьев, благоустройство парков и зон отдыха;

– Увеличение количества детских игровых и спортивных площадок – создание условий для эффективного и безопасного проведения свободного времени детей и молодёжи, строительство новых игровых и спортивных площадок, ремонт существующих и обеспечение их безопасности;

– Улучшение чистоты и общественного порядка – своевременный вывоз бытовых отходов, недопущение образования несанкционированных свалок, постоянный контроль за санитарным состоянием улиц и общественных мест, усиление совместной работы с соответствующими органами по обеспечению общественного порядка;

– Развитие предпринимательства и создание новых рабочих мест – создание благоприятных условий для развития малого и среднего бизнеса, содействие открытию новых производственных объектов и объектов сферы услуг, а также обеспечению занятости местных жителей;

– Открытое и системное решение актуальных вопросов жителей – проведение регулярных встреч с населением, рассмотрение их предложений и обращений, принятие конкретных мер по поднятым вопросам и регулярное информирование населения о проделанной работе. Осуществление постоянного контроля за ходом решения каждого вопроса и обеспечение открытой связи между жителями и акиматом.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ДҰРЫС АҚПАРАТТАН БАСТАЛАДЫ



Қазіргі таңда діни сауаттылықты арттыру, жастарды күмәнді діни ақпараттан сақтандыру және қоғамдағы діни тұрақтылықты сақтау маңызды бағыттардың бірі. Әсіресе әлеуметтік желілер арқылы тарайтын ақпараттың көптігі жастардың діни көзқарасына әсер етпей қоймайды. Осыған байланысты Іле ауданындағы діни ахуал, профилактикалық жұмыстар және жастардың діни ақпаратты қабылдауы жөнінде теолог Мырас Біржан Жомартұлымен сұхбаттасқан едік.

– Біржан Жомартұлы, алдымен өзіңізді оқырмандарымызға таныстырып өтсеңіз. Қазіргі таңда қандай қызмет атқарып жүрсіз?

– Мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Дінтану мамандығын тәмамдадым. Қазіргі таңда Іле ауданында теолог маманы ретінде қызмет атқарамын. Қызметімді 2026 жылдың шілде айынан бастап атқарып келемін. Негізгі міндеттерім аудан аумағындағы діни ахуалды зерделеу, діни нысандарға мониторинг жүргізу, тұрғындар арасында түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру.

– Ендеше, Іле ауданындағы қазіргі діни ахуалға тоқталсаңыз. Бүгінде аудан бойынша жағдай қандай?

– Қазіргі таңда Іле ауданындағы діни ахуалды жалпы тұрақты деп бағалаймыз. Аудан аумағында мешіттер, намазханалар және әртүрлі діни бірлестіктер қызмет атқарады. Біз тарапымыздан аталған діни нысандарға тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп, діни ахуал зерделеніп отырады. Мониторинг барысында құлшылыққа қатысушылардың саны, діни әдебиеттердің болуы, заң талаптарының сақталуы және жалпы діни орта қарастырылады. Бүгінгі таңда аудан бойынша діни мәселеге байланысты күрделі немесе шиеленісті жағдайлар байқалмайды.

– Діни тұрақтылықты сақтау үшін қандай жұмыстар жүргізіліп келеді?

– Негізгі жұмыстардың бірі – діни нысандарға тұрақты мониторинг жүргізу. Сонымен қатар мешіттермен, намазханалармен және діни бірлестіктермен байланыс орнатылып, діни ахуалға қатысты ақпараттар зерделенеді. Бұдан бөлек, тұрғындармен және жастармен профилактикалық бағытта кездесулер мен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Діни сауаттылықты арттыру, жат ағымдардың алдын алу, заң талаптарын түсіндіру және күмәнді діни ақпараттан сақтандыру мәселелеріне басымдық беріледі.

– Жастар мәселесіне арнайы тоқталсақ. Іле ауданындағы жастардың діни сауаттылығын қалай бағалайсыз?

– Жастардың діни сауаттылық деңгейін біркелкі деп айту қиын. Дінге қызығушылығы жоғары, діни білім алуға ұмтылатын жастар бар. Сонымен қатар діни ақпаратты әлеуметтік желілерден ғана алып, оның қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екеніне мән бермейтін жастар да кездеседі. Сондықтан негізгі мәселелердің бірі – сенімді және сенімсіз діни ақпаратты ажырата білу. Осы бағытта жастарға дұрыс ақпарат көздерін көрсетіп, діни мәселелерге сыни көзқараспен қараудың маңыздылығын түсіндіреміз.

– Әлеуметтік желілердің діни көзқарастардың қалыптасуына әсері қандай?

– Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің ықпалы өте жоғары. Жастардың басым бөлігі ақпаратты интернеттен алатындықтан, діни контенттің де олардың дүниетанымына әсері бар. Әлеуметтік желілердің жақсы жағы – дұрыс діни ақпаратқа қолжетімділік артты. Бірақ сонымен қатар тексерілмеген, бұрмаланған немесе радикалды сипаттағы ақпараттардың таралу қаупі бар. Сондықтан жастарға кез келген діни ақпаратты бірден қабылдамай, оның дереккөзін тексеруге кеңес береміз.

– Діни ақпаратты таңдағанда жастар ең алдымен нені ескеруі керек?

– Ең алдымен ақпараттың қайдан шыққанына назар аудару керек. Ақпараттың таратушы адамның діни білімі, ұстанымы және ресми діни ортаға қатысы бар-жоғын анықтаған дұрыс. Егер діни ақпарат адамды қоғамнан, отбасынан алшақтатуға, басқа адамдарды жек көруге немесе заң талаптарын мойындамауға шақырса, мұндай ақпараттан аулақ болған жөн. Күмәнді жағдайда мамандардан кеңес алған дұрыс.

– Ауданда жастар арасында деструктивті діни ағымдардың ықпалы байқала ма? Оның алдын алу қалай жүргізіледі?

– Жалпы аудан бойынша діни ахуал тұрақты. Дегенмен деструктивті діни ағымдардың ықтимал ықпалының алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізіледі. Атап айтқанда, жеке профилактикалық сұхбаттар ұйымдастырылып, дін мәселесінде күмәнді көзқарастары немесе сұрақтары бар азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ мешіттердегі діни ахуалға мониторинг жасалып, жастардың діни ортасы да назардан тыс қалмайды.

– Тұрғындардан дін саласына қатысты қандай сұрақтар жиі түседі?

– Тұрғындар тарапынан көбіне діни рәсімдерді орындау, мешіттердің қызметі, діни әдебиеттер, балаға діни тәрбие беру және қатар жастармен, ата-аналармен және түрлі әлеуметтік топтармен профилактикалық және түсіндіру кездесулерін өткізуге басымдық беріледі. Діни сауаттылықты арттыру, деструктивті діни ағымдардың алдын алу, әлеуметтік желілердегі діни контентке дұрыс баға беру және тұрғындардың діни мәселелер бойынша сұрақтарына жауап беру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

– Сұхбатымызды жастарға арналған кеңесіңізбен қорытындыласақ. Дін мәселесінде нені есте ұстаған жөн?

– Мен жастарға ең алдымен асығыс шешім қабылдамауға кеңес берер едім. Дін – өте жауапты тақырып. Сондықтан қандай да бір діни ақпаратты әлеуметтік желіден көріп, бірден қабылдай салмаған дұрыс. Діни білімді сенімді ұстаздардан, ресми діни мекемелерден және заңды ақпарат көздерінен алған жөн. Ең бастысы – кез келген ақпаратты саралап, оның қоғамға, отбасына және өзіңе тигізетін әсерін ойлау қажет.

– Соңында аудан тұрғындарына айтар ойыңыз қандай?

– Дін – адамды жақсылыққа, білімге, жауапкершілікке және адамгершілікке тәрбиелейтін құндылық. Сондықтан дінді дұрыс түсініп, оны сенімді дереккөздерден үйрену маңызды. Жастарға айтарым дін мәселесінде эмоцияға емес, білімге сүйенініздер. Әлеуметтік желідегі кез келген ақпаратқа сене бермей, оның қайдан шыққанын тексеріңіздер. Қандай да бір сұрақ туындаса, оны жасырмай, теолог мамандарға немесе білікті дін қызметкерлеріне жүгінген дұрыс.

Диана БАҚЫТҚЫЗЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ФОРУМ



(Басы 1-бетте).

Заң мен тәртіп – күнделікті таңдаудан басталады

Форумның ашылуында сөз алған Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов жастардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттырудың маңызына тоқталды. Әкімнің айтуынша, бүгінгі цифрлық ортада қауіпсіздік мәселесіне тек құқық қорғау органдарының жұмысы ретінде қарау жеткіліксіз. Әр азамат өз әрекетіне жауапкершілікпен қарап, өзінің құқығы мен міндетін білуі қажет.

«Заң мен тәртіп – тек белгілі бір мекемелердің немесе құқық қорғау органдарының міндеті емес. Ол әр адамның күнделікті қабылдайтын шешімінен басталады. Жастар өз құқықтары мен міндеттерін біліп, қаржыға қатысты шешімдерді саналы қабылдап, цифрлық ортадағы қауіптерді ажырата білуі керек. Қаржылық сауаттылық пен цифрлық дағдылар – бүгінгі қауіпсіздіктің маңызды бөлігі», – деді Қайыржан Жақсымбетов.

Аудан әкімі сондай-ақ цифрлық технологиялардың дамуы жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа қауіптердің де пайда болуына себеп болып отырғанын атап өтті. Әсіресе интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың түрлі тәсілдері адамның қырағылығын талап етеді. Сондықтан жастардың экономика мен қаржы негіздерін меңгеруі тек жеке басының қауіпсіздігі үшін ғана емес, қоғамдағы жауапты қаржылық мәдениетті қалыптастыру үшін де қажет.

Қаржылық сауаттылық – қауіптің алдын алудың бір жолы

Іс-шара аясында жастардың қаржылық сауаттылығына ерекше назар аударылды. Ақшаны табу мен жұмсауды ғана емес, оны қорғауды, қаржылық шешімнің салдарын бағалауды және күмәнді ұсыныстарды ажыратуды білу – қазіргі қоғамда қажетті дағдылардың бірі.

Форумда жастарға қаржылық алаяқтықтың түрлі тәсілдері, заңсыз қаржылық схемалар және интернеттегі қауіптер туралы ақпарат берілді. Бұл ретте мамандар жастарды жылдам әрі оңай пайда табуға уәде беретін ұсыныстарға сақтықпен қарауға шақырды.

Сондай-ақ экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесіне де басымдық берілді. Бұл бағытта Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілдері жастармен пікір алмасты. Департамент басшысы Әлібек Төлепбергенов қаржылық сауаттылықты құқық бұзушылықтың алдын алудың маңызды тетіктерінің бірі ретінде атап өтті. Оның пікірінше, азамат күмәнді ұсынысты дер кезінде байқап, оның заңдылығын тексере алса, көптеген қауіптің алдын алуға болады.

«Қаржылық сауаттылық – өзің тапқан қаражатыңды дұрыс пайдалану ғана емес, оны қорғау, кез келген ұсыныстың заңдылығына көз жеткізу және шешімнің салдарын алдын ала бағалай білу. Күмәнді табысқа қызықпау, өз құқығыңды білу және заң талаптарын сақтау – қаржылық қауіпсіздіктің негізгі қағидаларының бірі», – деген мазмұнда ой айтты Әлібек Төлепбергенов.

Форум барысында жастар арасында экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алуға арналған жобалар байқауының үздіктері марапатталды. Сонымен қатар тоғызқұмалақ жарысында жеңіске жеткен қатысушыларға жүлделер табысталды. Жастардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға үлес қосқан спикерлерге де Алғыс хаттар табыс етілді.

Дропперлік: бір сәттік шешімнің салдары

Шараның маңызды тақырыптарының бірі – дропперлік. Бұл ұғым соңғы уақытта қаржылық қауіпсіздік мәселесінде жиі айтылып жүр. Жастардың банк картасы мен шотын басқа адамдарға пайдалануға беруінің ықтимал құқықтық және қаржылық салдары түсіндірілді.

Алматы облысы Полиция департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Керім Әлібек Арланұлы жастарға дропперлікке тартылудан сақтану және банк карталары мен жеке қаржылық деректерді қорғау жөнінде айтып берді. Оның баяндамасының негізгі бағыты – адамның өз атына рәсімделген қаржылық құралдарға жауапкершілікпен қарауы.

«Банк картасы немесе есепшот – жай ғана төлем жасау құралы емес, ол адамның қаржылық қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Сондықтан өз картаңызды, есепшотыңызды немесе жеке мәліметтеріңізді басқа адамға бермес бұрын оның салдарын ойлау қажет. Түсініксіз ұсынысқа бірден келісім бермей, оның заңдылығын анықтаған дұрыс», – деген мазмұнда түсіндірді Керім Әлібек Арланұлы.

Маманның жастарға арналған түсіндіру жұмысы қаржылық қауіпсіздіктің тағы бір қарапайым қағидасын көрсетті: кез келген шешімді асықпай қабылдау. Әсіресе әлеуметтік желі немесе мессенджер арқылы келген ұсыныстарға сақтықпен қарау маңызды.

Құмар ойын мен бәс тігу: тәуекелді дұрыс бағалау

Жастар арасында талқыланған келесі өзекті тақырып – құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу. Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының оқытушысы, «Мәңгілік» құмарлықтың алдын алу мен емдеуді дамыту қоғамдық қорының басшысы Айдос Ибрагим Ерболұлы бұл бағытта психологиялық тұрғыдан түсіндіру жүргізді.

Ол жастардың құмар ойын мен бәс тігуге қызығуына әсер ететін факторларға тоқталып, тәуекелді ойынның ойын-сауық ретінде ғана қабылданбауы керектігін түсіндірді. Сонымен бірге қазіргі цифрлық ортада ойын элементтерінің түрлі форматта ұсынылуы адамның қаржылық шешіміне әсер етуі мүмкін екеніне назар аударды.

«Кез келген шешімнің артында оның салдары бар. Әсіресе ақшаға байланысты тәуекел кезінде адам эмоцияға емес, нақты есепке сүйенуі керек. Жеңіл жолмен пайда табу туралы уәде адамның сақтығын әлсіретуі мүмкін. Сондықтан жастардың өз таңдауының салдарын алдын ала бағалай білуі маңызды», – деді Айдос Ибрагим.

Маманның баяндамасында психологиялық факторларға да мән берілді. Себебі қаржылық қауіпсіздік тек заңды білумен шектелмейді. Адамның өз эмоциясын, шешім қабылдау ерекшелігін түсінуі де маңызды. Бұл тұрғыда жастарға ақпарат берумен қатар, мәселенің психологиялық қырларын түсіндірудің маңызы зор.

Жасөспірімдер үшін цифрлық қауіпсіздік маңызды

Психолог, отбасылық консультация саласының маманы, кәсіпкер, Мәскеу психоанализ институтының магистранты, балалар мен жасөспірімдерге арналған тренингтердің авторы әрі жүргізушісі Наталья Кравцова Викторовна форумда жасөспірімдердің қаржылық және цифрлық қауіпсіздігіне тоқталды.

Бүгінде жастардың интернетті белсенді пайдалануы цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік мәселесін күн тәртібіне шығарып отыр. Жеке ақпаратты қорғау, бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста шекараны сақтау, күмәнді сілтемелер мен ұсыныстарға сенбеу – күнделікті өмірде қажет болатын қарапайым дағдылар.

«Жасөспірім үшін қауіпсіздік дегеніміз – тек көшеде немесе қоғамдық орында өзін қорғау емес. Қазір цифрлық кеңістікте де сақ болу қажет. Жеке ақпаратты кіммен бөлісіп отырғанын, қандай сілтемеге кіріп жатқанын және интернетте қандай әрекет жасап отырғанын әр жас түсінуі керек», – деді Наталья Кравцова.

Оның айтуынша, ата-ана мен бала арасындағы ашық әңгіме де қауіптің алдын алуда маңызды. Жасөспірім қандай да бір күмәнді жағдайға тап болған кезде оны жасырып қалмай, сенімді ересек адамнан көмек сұрай алуы керек.

Бұл ретте цифрлық сауаттылықты тек техникалық дағды ретінде емес, жауапты мінез-құлық мәдениеті ретінде қалыптастыру қажеттігі байқалады.

Киберкеңістіктегі қауіпсіздік

Форумның тағы бір бағыты – киберқауіпсіздік. «CyberX» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Батыржан Шакман жастарға кибертұрақтылық жөнінде ақпарат берді.

Қазіргі кезде адамның күнделікті өмірінің едәуір бөлігі цифрлық платформалармен байланысты болғандықтан, киберқауіпсіздік ұғымы да кеңейіп келеді. Электронды пошта, әлеуметтік желідегі парақша, мобильді қосымшалар, банк сервистері – барлығы жеке ақпаратпен жұмыс істеуді талап етеді.

«Цифрлық әлемде қауіпсіздік ең алдымен адамның өз әрекетінен басталады. Күрделі технологияны қолданған кезде оның қауіпсіздік талаптарын да білу қажет. Жеке деректерге немқұрайлы қарамау, күмәнді әрекетті дер кезінде байқау және ақпараттың қайдан келгенін тексеру – кибертұрақтылықтың қарапайым қағидалары», – деді Батыржан Шакман.

Спикердің сөзі жастардың интернетті тек ақпарат пен көңіл көтеру құралы ретінде емес, жауапкершілікті талап ететін орта ретінде қабылдауы қажеттігін көрсетті.

Зиянды әдеттерге қарсы түсіндіру жұмысы

Форум бағдарламасында жастардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне кері әсер ететін әдеттердің алдын алу мәселесі де қамтылды.

«Алматы облысы бойынша психологиялық қолдау оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психолог-практигі Өміртай Мөлдір Ануарқызы жастар арасында зиянды әдеттердің алдын алу жөнінде сөз қозғады. Оның ішінде вейпинг пен электронды темекі бұйымдарының адам ағзасына кері әсері туралы ақпарат берілді.

«Жастардың денсаулығына әсер ететін кез келген әдетке жеңіл қарауға болмайды. Адам белгілі бір затты немесе әрекетті таңдағанда оның бүгінгі ғана емес, ертеңгі салдарын да ойлауы керек. Саналы таңдау – өз денсаулығына және болашағына жауапкершілікпен қараудан басталады», – деді Мөлдір Өміртай.

Бұл бағыттағы түсіндіру жұмысы форумның жалпы идеясымен үндесті. Өйткені шара атауындағы «менің таңдауым» ұғымы тек заң мен қаржыға қатысты емес, адамның өз өміріне қатысты шешімдеріне де байланысты болды.

Ақпараттан тәжірибеге

Форумның ерекшелігі – мамандардың баяндамаларымен қатар, жастардың назарын нақты жағдайларға аударған интерактивті форматтардың қолданылуы. Қатысушылар назарына алаяқтардың әрекет ету тәсілдерін көрсететін театрландырылған қойылым ұсынылды. Қойылым барысында күнделікті өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар көрініс тапты.

Театрландырылған қойылымның мұндай форматта ұсынылуы ақпаратты қабылдауды жеңілдетті. Себебі интернеттегі алаяқтық туралы құрғақ мәліметтен гөрі, нақты жағдайдың сахналық көрінісі жастарға мәселенің мәнін жақынырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Форум соңында қатысушыларға заңсыз ойын құралдары, дроп-карталар, қаржы пирамидалары және зиянды әдеттерге қарсы символдық акция ұйымдастырылды. Акцияның негізгі идеясы – жастардың заңсыз әрекеттер мен түрлі тәуелділіктерден бас тартып, білімді, спортты, еңбекті және қауіпсіз өмір салтын таңдауға үндеу болды.

Жастардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру – бір күндік іс-шарамен аяқталатын жұмыс емес. Бұл бағыттағы түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген жағдайда ғана күнделікті өмірде дағдыға айналады. Әсіресе цифрлық технологиялар үнемі өзгеріп отырған уақытта жаңа қауіптер туралы ақпаратты дер кезінде жеткізу маңызды.

Өйткені қаржылық қауіпсіздік – тек ақшаны сақтау емес. Ол өз шешіміңе жауап беру, күмәнді ұсыныстарды ажырату, жеке деректерді қорғау, заңды білу және қажет кезде көмек сұрай алу қабілетін қамтиды.

Ал құқықтық сауаттылық – заң мәтіндерін жаттап алу ғана емес. Ол адамның өз құқығын біліп, өзгенің құқығын құрметтеуі, әрекетінің салдарын түсінуі және заң талаптарын күнделікті өмірде ұстануы.

Диана ҚАНАТ

ТАНЫМ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН КІТАП ОҚУ: МЕКТЕПТЕГІ СҮБЕЛІ КЕЗДЕСУ



Мектеп қабырғасында өткен кейбір кездесулер белгілі бір уақыт аралығында ғана өтетін іс-шара күйінде қалмай, оқушының ойына қозғау салып, өзін-өзі тануына ықпал ететін тағылымды жүздесуге айналады. Мұқағали Мақатаев атындағы №3 орта мектепте ұйымдастырылған қаламгер, журналист, телерадио жүргізушісі, публицист, аудармашы, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы Санжар Керімбаймен кездесу де сондай мазмұнды басқосулардың бірі болды.

Мектеп табалдырығынан аттаған сәттен-ақ қонақтарды ұлттық оркестрдің орындауындағы күй қарсы алып, кештің мазмұнын алдын ала аңғартқандай әсер қалдырды. Домбыраның қоңыр үні мен ұлттық әуен мектеп ішіне ерекше көңіл күй сыйлап, рухани мазмұндағы кездесуге өзіндік реңк қосты.

Бұл жүздесу «Кітап оқу мәдениеті – ұлт интеллектінің ашық деңгейі» тақырыбына арналды. Кездесуге мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымы қатысып, кітап оқу, ұлттық тәрбие, ана тілінің адам болмысына әсері, тұлғалық даму және қоғамдағы жауапкершілік жайында ой бөлісті.

Кітап оқу мәдениеті соңғы жылдары қоғамдағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі кітап тек ақпарат көзі емес, адамның ойлау жүйесін қалыптастыратын, сөздік қорын байытатын, дүниеге көзқарасын кеңейтетін құрал.

Санжар Керімбаймен мектептегі кездесудің де негізгі өзегі осы оймен сабақтасты. Жазушының «Салт-дәстүр сөйлейді», «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Қаныш және ғылыми майдан» және басқа да еңбектері ұлттық тарих, тұлға, тәрбие мен таным мәселелерін қамтиды.

Мектеп оқушыларының автордың бірнеше кітабын алдын ала оқып, кездесуге дайындалуы да жүздесудің мазмұнын тереңдете түсті. Олар шығармада көтерілген мәселелерге қатысты сұрақтарын қойып, өз ойларын ортаға салды.

Санжар Керімбайдың пікірінше, кітап оқу әдетін қалыптастыру тек мектептің немесе мұғалімнің міндеті болып қалмауы керек.

«Бала кітапты өзі оқып қана қоймай, оны отбасымен бірге талқылауы керек. Отбасылық тәрбие рухани мазмұнмен толыққанда ғана кітаптың бала өміріндегі орны беки түседі», - деді қаламгер.

Осы тұста оның шығармашылық жолындағы маңызды жобалардың бірі – «Отбасы хрестоматиясы» сериясы туралы да сөз қозғалды. Бұл жоба аясында жарық көрген еңбектер ұлттық дүниетанымды қазіргі оқырманға түсінікті тілмен жеткізуге бағытталған.

Кездесудің ең мазмұнды бөлімдерінің бірі Санжар Керімбайдың «Адам болмысында не бар?» тақырыбындағы лекциясы болды.

Қаламгер философиялық ұғымдарды күрделі ғылыми терминдермен шектеп қоймай, оларды күнделікті өмірмен байланыстыра отырып түсіндірді. Лекция барысында адамның дүниеге келгеннен кейінгі қалыптасуы, тәрбие мен ортаның ықпалы, тілдің, кітаптың және ұлттық дүниетанымның бала санасына әсері туралы ойлар айтылды.

Спикер адам бойындағы ішкі қасиеттердің бір күнде қалыптаспайтынына тоқталды.

«Адамда туа біткен дайын «эссенция», яғни қалыптасқан ішкі мән болмайды. Адам өмірге алдымен бар болу қалпында келеді. Оның ішкі діңгегі, мінез-құлқы, ар-ұжданы мен адамдық болмысы алған тәрбиесі мен жинаған тәжірибесі арқылы қалыптасады», - деді Санжар Керімбай.

Оның айтуынша, баланың алғашқы ортасы – отбасы. Сондықтан ұлттық тәрбиенің негізі де ең алдымен үйде қаланады.

Бұл тұрғыда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған ауыз әдебиеті үлгілерінің орны ерекше. Бесік жыры, бата, санамақ, қуырмаш, жаңылтпаш, ертегі, қисса сияқты жанрлар баланың тілін ғана дамытып қоймай, оның дүниені қабылдауына, адамдар арасындағы қарым-қатынасты түсінуіне, жақсылық пен жамандықты ажыратуына ықпал еткен.

«Бала кішкентайынан өз тілінде ертегі, қисса, аңыз тыңдап өссе, оның сөздік қоры мен ойлау жүйесі де соған сәйкес қалыптасады. Ана тіліндегі көркем сөз – баланың дүниені тануының алғашқы баспалдағы», – деді лектор.

Лекция барысында тіл мен адамның ми қызметінің байланысына қатысты ғылыми деректер де ұсынылды.

Спикер сөйлеу мен тілді өңдеуге қатысатын Брока және Вернике аймақтарының қызметіне тоқталып, адамның сөзді айтуы мен оның мағынасын түсінуі бірнеше күрделі процестің нәтижесі екенін түсіндірді.

Бұл мысалдар арқылы ол баланың тілдік ортасының маңызын көрсетті. Яғни баламен сөйлесу, оған кітап оқу, ертегі айту, сұрақ қою және оның ойын тыңдау – қарапайым көрінгенімен, баланың танымдық дамуына әсер ететін маңызды әрекеттер.

Лекцияда тарихтағы саңырауларға арналған алғашқы білім беру мекемелерінің қалыптасу жолдарына қатысты мысалдар да айтылды. Бұл деректер адамның тіл меңгеруі мен әлеуметтік ортаға бейімделуінің күрделі процесс екенін көрсету мақсатында ұсынылды.

Санжар Керімбайдың шығармашылығында отбасы мен ұлттық тәрбие тақырыбы айрықша орын алады.



«Бесік жырынан эссеге дейін», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Әлдиден эпосқа дейін», «Киелі сөз», «Екософия» сияқты еңбектердің негізгі өзегінде ұлттық дүниетаным мен тәрбие мәселесі бар.

Кездесу барысында оқушылар осы кітаптар туралы сұрақтарын қойды. Әсіресе «Отбасы хрестоматиясын» құрудағы мақсатқа қызығушылық танытты.

«Басты мақсат – отбасылық тәрбиені рухани тұрғыдан байыту, балаға кішкентайынан ата-бабамыздың сөз сүйегін, құндылықтарын сіңіру. Бала кітапты өзі оқып қана қоймай, оны отбасымен бірге талқылауы керек», – деді автор.

Бұл ретте кітаптың құндылығы оның көлемімен немесе мазмұнының күрделілігімен ғана өлшенбейтіні байқалды. Ең маңыздысы – оқылған дүниенің адам өміріне әсер етуі, оқырманды ойландыруы және оны әрекетке жетелеуі.

Кездесу кезінде автордың қаламынан туған тұлғалық зерттеулер де назардан тыс қалмады.

Оқушылар «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Қаныш және ғылыми майдан» кітаптарын оқып шыққанын айтып, шығармадағы кейіпкерлердің өмірі мен қызметіне қатысты сұрақтарын қойды.

Жүздесу барысында олар автордың кітаптарында кездесетін оқиғалар мен кейіпкерлерге қатысты сауалдарын қойды. Кейбір оқушылар өз әсерлерімен бөлісті.

«Кітапты оқу кезінде біз Қаныш Сәтбаевтың тек ғалым емес, ұлт болашағы үшін еңбек еткен тұлға екенін түсіндік. Кітаптағы кейбір оқиғалар бізге қатты әсер етті. Ғылымға, оқуға деген қызығушылығымыз артты», – деді оқушылар.

Мұндай пікірдің өзі кітаптың оқушы санасында белгілі бір ой қалыптастыратынын көрсетеді. Өйткені кітап оқу тек мәтінді қабылдау емес, кейіпкердің өміріне, шешіміне, таңдауына көз жүгіртіп, өзіңе қажетті қорытынды жасай білу.

Кездесуде ұлттық тәрбие ұғымы да кеңірек қарастырылды. Ұлттық тәрбие дегенде кейде салт-дәстүрді сақтау, ұлттық киім кию немесе белгілі бір рәсімдерді орындау ғана ойға келуі мүмкін. Алайда бұл ұғымның ауқымы әлдеқайда кең.

Ұлттық тәрбие – ана тілін білу, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, еңбекке жауапкершілікпен қарау, білімге ұмтылу, әділдікті бағалау, ел тарихын тану және өз қоғамына пайдалы болуға ұмтылу сияқты құндылықтарды қамтиды.

Санжар Керімбайдың лекциясында осы мәселелердің қазіргі ғылым мен адам психологиясы тұрғысынан байланысы қарастырылды.

Сондықтан ұлттық тәрбие өткенді қайталау емес, өткеннен қажетті құндылықтарды алып, оны бүгінгі заман талабымен сабақтастыра білу деген ой алға шықты.

Кездесудің мазмұны «табысты адам» ұғымымен де сабақтасты. Қазіргі қоғамда табыстылық көбіне қызмет, мансап, материалдық жағдай немесе әлеуметтік мәртебемен өлшеніп жатады. Алайда адамның қоғамдағы орны оның жеткен нәтижесімен ғана емес, адамдық қасиетімен де айқындалады.

Білімді болу мен тәрбиелі болу, кәсіби маман болу мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну бір-бірінен бөлек қаралмайды.

Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі кездесудің негізгі ойларының бірі – балаға тек білім беру жеткіліксіз екені. Оның бойында өз бетінше ойлау, жауапкершілік, әділдік, еңбеккорлық және ұлттық құндылықтарға құрмет сияқты қасиеттер де қалыптасуы керек. Бұл міндетте отбасы мен мектептің өзара байланысы ерекше маңызға ие.

Кездесу соңында мектеп директоры Керімкулова Аяулым Жақашбаевна сөз алып, қонаққа ризашылығын білдірді.

– «Арманы асқақ, талабы таудай біздің оқушыларымыз үшін бүгінгі жүздесудің орны ерекше. Жастардың ұлттық санасын қалыптастыруда, кітапқа деген құштарлығын арттыруда сіздердің еңбектеріңіз орасан зор. Ұлттық дәстүріміздің қол үзбей, заманауи ғылымды меңгерген «табысты адам» тәрбиелеуде мұндай кездесулердің пайдасы мол, – деді мектеп директоры.

Мектеп басшысы ұжым мен оқушылар атынан Санжар Керімбайға арнайы Алғыс хат табыстады.

Кеш соңында оқушылар мен ұстаздар қаламгерден қолтаңба алып, естелік суретке түсті. Бір қарағанда, бұл – кезекті әдеби кездесу секілді көрінуі мүмкін. Алайда оның мазмұны кітап оқу мәселесінен бастап ұлттық тәрбиеге, тілден бастап адам болмысына, отбасы тәрбиесінен бастап жеке жауапкершілікке дейінгі ауқымды тақырыптарды қамтыды.

Мұндай кездесулердің құндылығы да осында. Өйткені балаға дайын жауап беруден гөрі, оны ойлануға жетелеу маңызды. Кітап та, әңгіме де, тағылымды кездесу де адамның ішкі сұрағына жауап іздеуге себеп болғанда ғана мәнді.

Диана БАҚЫТҚЫЗЫ

НАЗАР

ҒАСЫР БЕЛЕСІНЕ БЕТ АЛҒАН ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



Отбасы күніне орай Өтеген батыр ауылының тұрғыны, ардақты ұстаз, «Ана жүрегі» төсбелгісінің иегері Ахметова Оңласын апамыздың 95 жас мерейтойы салтанатты түрде аталып өтті.

Ғибратты ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, талай буынға тәлім-тәрбие берген Оңласын апа – ел-жұрттың ықыласы мен құрметіне бөленген ардақты жан. Бір әулеттің ғана емес, тұтас елдің берекесі мен бірлігін ұлықтап, өнегелі өмірімен кейінгі ұрпаққа үлгі болып келе жатқан ақ жаулықты ана үшін 95 жас – ғасырға жуық ғибратты ғұмырдың айшықты белесі.

Мерейтойлық шараны аудандық Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Түймелиев Нұрлан Лесұлы ұйымдастырып, ел азаматтарының басын қосып, мерейтой иесіне деген ерекше құрметтің жоғары деңгейде өтуіне ұйытқы болды.

Салтанатты жиында Оңласын апаға ақжарма тілектер арналып, ізгі ниеттер білдірілді. Өтеген батыр ауылдық округінің әкімі Омаров Төлеген Ануарбекұлы мерейтой иесін 95 жасымен құттықтап, жүрекжарды лебізін жеткізді. Ақ жаулықты анаға құрмет көрсетіліп, шашу шашылып, иығына шапан жабылды.

Мерейтойға Алматы облысы Ішкі саясат бөлімінің басшысының орынбасары Әлия Мұратқызы, «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ басшысының орынбасары Кәріпжанова Айымжан, қоғам қайраткері, ғалым Аслы Осман, «Ronai» күрд этномәдени бірлестігінің басшысы Гамзе Бадриевич, аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сейдалиев Мақсат, Іле аудандық Аналар кеңесінің төрағасы Мейрамкүл Жабиева және ел азаматтары қатысты.

Жиында сөз алған қонақтар мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығын тілеп, бала-шағасының, немере-шөберелерінің қызығын көріп, ел-жұрттың ортасында абыроймен жүре беруіне тілектестік білдірді.

Осындай мерейлі сәттер – үлкенге құрмет көрсетіп, ақ жаулықты аналардың өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа насихаттаудың жарқын үлгісі. Өйткені отбасының берекесі мен ұрпақтың тәрбиесі – елдің ертеңімен сабақтас ұлы құндылық.

Оңласын апа, 95 жасыңыз құтты болсын! Ғибратты ғұмырыңыз ұрпаққа өнеге болып, ақ жаулығыңыздың абыройы асқақтай берсін! Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық, әулетіңізге амандық тілейміз. Ұрпақтарыңыздың қызығына бөленіп, елдің ыстық ықыласы мен құрметіне бөлене беріңіз!

Карима ДАУТҚАН

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ АДАЛДЫҚ – КҮНДЕЛІКТІ ТАҢДАУДАН БАСТАЛАДЫ

Мемлекеттік қызметші болу – тек белгілі бір лауазымды атқару емес. Бұл - мемлекет пен азаматтың арасындағы сенімге жауап беру.

Күн сайын мемлекеттік қызметші азаматтардың өтінішін қарайды, шешім қабылдайды, құжатқа қол қояды, мемлекеттік қызмет көрсетеді. Осындай қарапайым көрінетін әрекеттердің әрқайсысы азаматтың мемлекетке деген көзқарасына әсер етеді.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды тек заң талаптарын орындаумен шектеуге болмайды. Оның негізінде мемлекеттік қызметшінің ішкі мәдениеті мен жеке жауапкершілігі тұруы керек.

Заңнамада мемлекеттік қызметшілер мен өзге де тиісті тұлғалар үшін бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер белгіленген. Олардың мақсаты - қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалануға жол бермеу.

Бұл жерде мүдделер қақтығысына ерекше тоқталуға болады.

Кейде адам өзінің жеке мүддесі мен қызметтік міндеті арасында қайшылық туындағанын бірден аңғармауы мүмкін. Бірақ мұндай жағдайды жасырып қалу мәселені шешпейді. Керісінше, оны дер кезінде анықтап, заңда белгіленген тәртіппен реттеу - мемлекеттік қызметшінің жауапкершілігін көрсетеді.

Адалдықтың тағы бір маңызды көрінісі – қызметтік жағдайды жеке пайда үшін пайдаланбау.

Қарапайым мысал келтірейін. Азамат мемлекеттік органға қызмет алу үшін келеді. Ол үшін қарсы алдында отырған мемлекеттік қызметшінің кім екені емес, оның мәселесін әділ әрі заңға сәйкес шешетіні маңызды. Егер адам қызмет алу үшін таныс іздеуге, байланыс пайдалануға немесе қосымша «жол» қарастыруға мәжбүр болса, бұл мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретеді.

Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өзіне кейде өте қарапайым сұрақ қойып отырғаны дұрыс: «Менің бүгінгі шешімім заңға ғана емес, әділдік қағидатына да сай ма?»

Мұндай сұрақтың маңызы зор.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Ол басшының жеке үлгісінен, ұжымдағы қарым-қатынастан, азаматпен сөйлесу мәнерінен, шешім қабылдаудың ашықтығынан қалыптасады.

Менің ойымша, мемлекеттік қызметтегі ең үлкен жетістік – тек заң бұзушылықтың болмауы емес. Ең бастысы - азаматтың мемлекеттік органға келген кезде өзін құрметтелген және оның мәселесі әділ қаралатынына сенімді сезінуі.

Мемлекетке деген сенім осындай күнделікті қарым-қатынастан басталады.

Ал сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сол сенімді сақтаудың маңызды шарттарының бірі.

Нұрсұлтан СЕЙДАЛИЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызметші – халықпен тікелей жұмыс істейтін адам. Сондықтан оның қызметтік міндетін жақсы білуімен қатар, әдептілігі мен мәдениеті де маңызды.

Қарапайым сәлемдесу, азаматты мұқият тыңдау, сабырлы жауап беру – мемлекеттік қызметшінің күнделікті жұмысындағы маңызды қасиеттер. Әрбір адам мемлекеттік мекемеге өз мәселесімен келгенде, оның сөзіне құрметпен қарау қажет.

Мемлекеттік қызметші өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтауы және қызмет бабын жеке пайдасына пайдаланбауы тиіс. Әдеп нормаларын сақтау – тек талап емес, халықтың мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыратын маңызды фактор.

Халықпен дұрыс қарым-қатынас орнатып, әр азаматқа құрметпен қарау арқылы мемлекеттік қызметші өз міндетін абыроймен атқара алады. Өйткені мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – халыққа адал қызмет ету.

Ерік ҚҰДАЙБЕРДЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ТҮЛЕКТЕРІНЕ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мемлекеттік қызметке талантты, білімді және білікті жастарды тарту – мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта жоғары оқу орындарын жақсы үлгеріммен тәмамдаған түлектерге мемлекеттік қызметке орналасудың жаңа мүмкіндіктері ұсынылып отыр.

Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы №290 Заңымен мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізіліп, конкурс өткізбестен мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі кеңейтілді.

Атап айтқанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын уәкілетті орган белгілеген деңгейден төмен емес үлгерім көрсеткішімен, яғни GPA – кемінде 3,33 деңгейімен аяқтаған түлектер оқуын тәмамдаған күннен бастап бір жыл ішінде конкурс өткізілместен әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналаса алады.

Бұған дейін мұндай мүмкіндік негізінен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алған түлектерге қарастырылса, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап аталған талап ақылы негізде білім алған, алайда GPA көрсеткіші кемінде 3,33 болатын түлектерге де қолданылады. Бұл – жоғары оқу орындарының түлектері үшін мемлекеттік қызметке кіру жолын кеңейтетін маңызды жаңалық.

Аталған мүмкіндік аудан немесе облыстық маңызы бар қала әкімдері мен мәслихаттары аппараттарының төменгі лауазымдарына, аудан және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының басшы емес лауазымдарына, сондай-ақ аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының басшы емес лауазымдарына орналасуға қатысты қолданылады.

Сонымен қатар орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аудандардағы немесе облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің басшы емес лауазымдары да осы талаптар аясында қамтылады.

Бұл мүмкіндік жастар үшін ғана емес, жергілікті мемлекеттік басқару жүйесі үшін де маңызды. Себебі оқу орнында жоғары нәтижеге қол жеткізген, білімі терең, жаңа ортаға тез бейімделетін жастарды мемлекеттік қызметке тарту – мемлекеттік аппараттың кәсіби әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметке орналасудың жеңілдетілген тәртібі жастардың өз білімін ел игілігіне жұмсауына, туған өңірінде еңбек етуіне және мемлекеттік басқару саласында кәсіби жолын бастауына мүмкіндік береді.

Бүгінде бұл тетіктің тиімділігі нақты көрсеткіштермен де көрініс тауып отыр. 2023 жылдан бастап республика бойынша аудандық және ауылдық жерлердегі төменгі лауазымдарға конкурссыз 1097 түлек тағайындалған. Оның ішінде 93 түлек Алматы облысында мемлекеттік қызметке орналасты.

Бұл – мемлекеттік қызметке білімді жастарды тарту бағытындағы жұмыстың нәтижелілігін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Мемлекеттік қызмет – тек жұмыс орны ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға, халықпен тікелей жұмыс істеуге және қоғам игілігі үшін еңбек етуге мүмкіндік беретін жауапты қызмет.

Сондықтан білімді, ізденімпаз және ел болашағына бейжай қарамайтын жастарды мемлекеттік қызмет саласында өз мүмкіндіктерін сынап көруге шақырамыз.

Жоғары GPA – енді мемлекеттік қызметке бастайтын мүмкіндіктердің бірі.

Айзада ЕРЛАН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойыншадепаратаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сыбайлас жемқорлық туралы сөз болғанда, көп жағдайда оның салдарына көбірек мән береміз. Қылмыстық жауапкершілік, жаза, тергеу – бұлардың барлығы заң бұзушылық орын алғаннан кейінгі шаралар. Ал шын мәнінде, ең тиімді жолы – сол жағдайға жеткізбеу.

Меніңше, сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ең маңызды мәселенің бірі де осы - алдын алу.

Қазақстанда бұл бағытта нақты құқықтық тетік қалыптасқан. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу, тәуекелдерді анықтау және жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мүдделер қақтығысын болдырмау сияқты және басқа да маңызды шаралар көзделген.

Бірақ кез келген заңның тиімділігі оны күнделікті жұмыста қалай қолданатынымызға байланысты.

Мысалы, мемлекеттік органда қандай да бір рәсім азаматқа түсініксіз болса, қызметкердің шешім қабылдау мүмкіндігі шамадан тыс кең болса немесе белгілі бір мәселе бойынша нақты тәртіп қалыптаспаған болса – мұның бәрі тәуекелге әкелуі мүмкін.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау - жай ғана есеп үшін жүргізілетін жұмыс емес. Оның негізгі мақсаты – мәселені құқық бұзушылыққа айналмай тұрып анықтау.

Қолданыстағы қағидаларға сәйкес ішкі талдау кезінде мемлекеттік қызмет көрсету, персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, рұқсат беру және бақылау функциялары, бюджет қаражатын пайдалану, шарттар жасасу, ақпараттық жүйелерді пайдалану сияқты бағыттарға назар аударылады. 2026 жылғы тамызда бұл қағидаларға да бірқатар өзгерістер енгізілді.

Бұл жерде бір нәрсені түсіну маңызды: тәуекелдің анықталуы – белгілі бір қызметкер міндетті түрде заң бұзды деген сөз емес. Бұл - жүйеде назар аударуды қажет ететін мәселе бар деген белгі.

Сондықтан әрбір мемлекеттік орган өз қызметіне сырт көзбен қарай білуі керек. «Бізде бәрі дұрыс» деген ұстанымның орнына «қай жерде жақсартуға болады?» деген сұрақ қойылғаны жөн.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – бір ғана бөлімнің немесе жауапты қызметкердің міндеті емес. Бұл - басшыдан бастап әрбір мемлекеттік қызметшіге дейінгі ортақ жауапкершілік.

Өйткені мемлекеттік қызметтегі адалдық үлкен сөздерден емес, күнделікті қабылданатын қарапайым шешімдерден басталады.

Ділмұрат СУНАТИЛЛАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы

СЭС ИНФОРМИРУЕТ

ПРОФИЛАКТИКА СКОЛИОЗА У ШКОЛЬНИКОВ

Профилактика сколиоза у школьников включает правильную организацию рабочего места (стол и стул по росту, ноги под прямым углом, спина прямая), регулярную физическую активность (плавание, гимнастика, ЛФК), контроль осанки при ходьбе и сидении, здоровое питание (витамин D), ортопедический матрас и правильное ношение рюкзака (две лямки, вес до 10% от массы тела). Важно чередовать статическую нагрузку с движением и избегать длительного сидения, а также не заниматься тяжелыми видами спорта. Сегодня среди школьников сколиоз весьма распространенная болезнь. При этом заболевании происходит искривление позвоночного столба с отклонением вправо, влево или в обе стороны. Если родители во время обнаружат у ребенка сколиоз, то и лечение будет быстрее и легче. Формирование у детей необходимых привычек

О правильном формировании скелета ребенка будущая мать должна позаботиться заблаговременно. Ей необходимо вести здоровый образ жизни и полноценно питаться. Это и есть начало профилактики сколиоза.

В наше время дети много времени проводят за телефоном, компьютером, планшетами, такое длительное сидение не проходит без следа. Начинают неправильно развиваться мышцы, кости позвоночника, это приводит к нарушению осанки и искривлению спины. Родителям необходимо развивать у детей следующие привычки:

-неподвижно сидеть можно не больше 20 минут;

во время сидения менять положение ног – ставить их по отдельности, вместе, ступни назад, вперед и так далее;

– чаще вставать и немного ходить по комнате;

– нельзя читать и смотреть телевизор, лежа на боку;

– в день несколько раз делать разминку для мышц спины и позвоночника.

Организация рабочего места и быта

Мебель: Стол и стул должны соответствовать росту ребенка, чтобы ноги стояли под прямым углом, а локти лежали на столе.

Осанка: Следите за прямой спиной, развернутыми плечами, не позволяйте сутулиться или наклоняться.

Рюкзак: Используйте ортопедический рюкзак с двумя лямками, а не сумку на одном плече. Вес рюкзака не должен превышать 10% веса ребенка.

Сон: Обеспечьте ортопедический матрас средней жесткости.

Перерывы: После 20-30 минут сидения делайте перерыв, вставайте и делайте легкую разминку, меняя положение ног.

Физическая активность

Регулярные упражнения: Ежедневная утренняя зарядка и лечебная физкультура (ЛФК) для укрепления мышц спины.

Спорт: Предпочтительны плавание, танцы, гимнастика, бег, лыжи, так как они дают симметричную нагрузку. Избегайте тяжелых видов спорта.

Активный отдых: Прогулки и подвижные игры на свежем воздухе.

Другие важные моменты

Питание: Рациональное, с достаточным количеством витаминов (особенно D, для крепких костей).

Наблюдение: Регулярные осмотры у ортопеда, как минимум два раза в год.

Избегайте: Ношения ребенка на одной руке, попыток рано сажать или ставить на ножки.

Необходимо обращать внимание на то положение, которое принимает ребенок, когда сидит. Поводом для обращения к врачу должны быть:

– жалобы на усталость в спине и дискомфорт;

– сидение в ненормальной позе;

– сутулость.

При наличии этих признаков надо обратиться к ортопеду, пройти обследование и приступить к лечению.

Профилактические меры включают в себя следующее:

1. Ребенка грудного возраста не надо сажать раньше, чем у него самого появится желание.

2. Нельзя водить его все время за одну и ту же ручку.

3. Для того чтобы в организм поступало больше витамина Д, который обязателен для костей, надо гулять на улице не смотря на время года. Этот витамин доставляют в организм ультрафиолетовые лучи.

4. Надо следить, чтобы у ребенка осанка была правильной, а именно:

немного поднятая голова;

плечи развернутые;

не торчащие лопатки;

не выступающий за линию грудной клетки живот.

5. Мебель должна быть подобрана в соответствии с возрастом и ростом ребенка. На стуле сидеть надо ближе к краю, локти на подлокотник, колени согнуть под прямым углом, спину выпрямить. Сутулиться не надо. Расстояние от глаз до стола должно быть не меньше 30 сантиметров.

6. Ношение сумки через плечо – это гарантия формирования сколиоза. Для школы необходимо приобрести ребенку ранец, у которого будут две мягкие лямки. Он очень удобен, потому что детям приходится таскать рюкзаки, вес которых значительно превышает допустимые нагрузки для растущего организма. Медики советуют, чтобы вес ранца, который школьник носит сам, был 10% от веса ребенка. Регулярное нарушение этого часто приводит к:

болям в пояснице;

ухудшению работы опорно-двигательного аппарата;

развитию сколиоза

7. Профилактика сколиоза у детей предусматривает занятия физкультурой. Нужно одобрять двигательную активность ребенка. Предпочтение отдавать игровому спорту. Очень полезны-(закаливание, утренняя гимнастика, ходьба на лыжах, бег) все это способствует повышению тонуса организма,



улучшению работы эндокринной, нервной и дыхательной систем, воспитанию волевых качеств.

8. Надо уделить внимание питанию ребенка. На структуру костей и мышц благотворное влияние оказывает сбалансированное питание. Необходимо поступление солей фосфора и кальция в детский организм из естественных пищевых продуктов. В сутки белков животного происхождения в рационе должно присутствовать не меньше 100 граммов. В достаточном количестве ребенку большую пользу приносит употребление (фруктов и овощей, рыбы, молочных продуктов).

Для здоровья всего организма, расслабления спинных мышц и восстановления позвоночника крайне важным является ночной отдых. Однако сможет ли ребенок ночью отдохнуть или же наоборот накопится усталость, зависит от того, как он спит, от его положения и позы. Кровать для ребенка не должна быть чересчур мягкой. При возможности надо приобрести ортопедический матрас. Предпочтение отдать подушке среднего размера.

Если у ребенка уже имеются признаки искривления позвоночника, необходимо систематически в обязательном порядке кроме общеукрепляющих упражнений выполнять специальный курс, помогающий

улучшить трофику тканей и осанку, укрепить спинные, грудные мышцы и пресса.

Массаж, лечебная физкультура и тепловые процедуры укрепляют организм, улучшают питание костной ткани. При своевременном выявлении заболевания и правильном лечении непременно наступит выздоровление.

М. ЕНСЕБАЕВА,
зам.руководителя управления санитарно-эпидемиологического контроля по Илийскому району
М. НҰРҒАЛИ, главный специалист

СОБЛЮДЕНИЕ ТРЕБОВАНИЙ АДМИНИСТРАТИВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Соблюдение требований административного законодательства: основа правопорядка и защиты прав в Республике Казахстан. Административное законодательство регулирует важнейшие сферы повседневной жизни: от правил дорожного движения и благоустройства городов до порядка взаимодействия бизнеса с государственными органами. В Республике Казахстан ключевыми столпами этой правовой сферы являются Кодекс об административных правонарушениях (КоАП РК) и Административный процедурно-процессуальный кодекс (АППК РК).Соблюдение их требований – это не просто обязанность, а фундамент для защиты прав граждан и стабильного развития государства.

1. Что включает в себя соблюдение административного законодательства? Соблюдение требований закона делится на три основные плоскости в зависимости от субъекта:

Для граждан: Это добровольное и осознанное выполнение установленных правил. Сюда относится соблюдение общественного порядка, налоговой дисциплины, экологических и санитарных норм, а также правил безопасности.

Для бизнеса (юридических лиц): Это ведение коммерческой деятельности в строгом соответствии с лицензионными, трудовыми, налоговыми и пожарными требованиями.

Для предпринимателей соблюдение закона – это способ минимизировать риски проверок и штрафов. Для государственных органов: Это законность проведения административных процедур. Чиновники обязаны действовать строго в пределах своих полномочий, мотивировать свои решения и соблюдать права граждан при рассмотрении любых обращений или дел.

2. Ключевые принципы административного процесса. Современное административное право Казахстана, особенно с внедрением АППК, ориентировано на защиту человека перед лицом государственного аппарата. Выделяются следующие принципы: Принцип законности: Любое действие или решение государственного органа должно основываться исключительно на Конституции и законах РК. Презумпция достоверности: При рассмотрении административных дел государственные органы обязаны верить документам и фактам, предоставленным гражданином или бизнесом, пока не доказано обратное. Запрет на злоупотребление формальными требованиями: Госорганам запрещено отказывать гражданам в реализации их прав по чисто формальным или бюрократическим причинам, если суть обращения ясна. Охрана права на доверие: Если государственный орган ранее одобрил определенные действия гражданина или выдал разрешение, он не может резко изменить свою позицию, ухудшив положение гражданина, если только изначально не было совершено грубое нарушение закона.

3. Последствия нарушений и меры ответственности. Игнорирование требований административного права влечет за собой меры государственного принуждения. В зависимости от тяжести проступка КоАП РК предусматривает различные виды взысканий:

Предупреждение – официальное предостережение о недопустимости противоправного поведения.

Административный штраф – наиболее частая мера, выраженная в денежном эквиваленте (исчисляется в месячных расчетных показателях – МРП).Конфискация предметов или орудий совершения правонарушения.

Приостановление или запрещение деятельности – критическая мера для бизнеса за грубые нарушения (например, экологических или санитарных норм).Административный арест – краткосрочное лишение свободы за грубые нарушения общественного порядка.

Важно помнить, что своевременная уплата штрафа в течение 7 суток с момента его регистрации позволяет гражданам и бизнесу воспользоваться скидкой в размере 50% (в рамках сокращенного производства).4. Как защитить свои права: механизмы обжалования.

Административное законодательство не только наказывает, но и дает мощные инструменты для защиты от неправомерных действий чиновников. Если вы считаете, что ваши права были нарушены решением или действием госоргана, закон предлагает четкий алгоритм:

Досудебное обжалование (обязательный этап по АППК):

Жалоба подается в вышестоящий орган в течение 3 месяцев со дня, когда вам стало известно о принятом решении. Вышестоящая инстанция обязана объективно рассмотреть все доводы.

Судебное обжалование: Если вышестоящий орган отказал в удовлетворении жалобы, вы имеете право обратиться в Специализированный межрайонный административный суд (СМАС). В административных судах действует уникальный принцип активной роли суда: судья не просто оценивает доказательства сторон, а сам помогает гражданину собирать материалы и обязывает госорган доказывать законность своих действий.

Соблюдение требований административного законодательства – это двусторонний процесс. Со стороны граждан и бизнеса это залог стабильной работы и отсутствия правовых проблем. Со стороны государства – это обязательство уважать права человека, действовать прозрачно и справедливо. Знание своих прав и обязанностей в этой сфере позволяет каждому участнику общественных отношений чувствовать себя защищенным.

М. САГАДИЕВ,
руководитель УСЭК Илийского района
Ш. АХУНОВА,
руководитель отдела планирования и анализа деятельности

ҚАУІПСІЗДІК КОДЫ: 102-111-150

2026 жылғы 23-25 қыркүйек аралығында Іле ауданының аумағында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға, зорлық-зомбылықтың жолын кесуге және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Қауіпсіздік коды: 102-111-150» профилактикалық акциясы өткізілуде.

Акция аясында Іле ауданының полиция басқармасының қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, азаматтарға зорлық-зомбылықтан қорғаудың қолданыстағы шаралары, көмекке жүгіну тәртібі және қажетті қолдау алу мүмкіндіктері туралы ақпарат береді.

Өмірге, денсаулыққа және қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда азаматтардың құзыретті органдарға уақтылы жүгінуіне ерекше назар аударылады. Есте сақтаңыз: зорлық-зомбылық мәселесімен жалғыз қалмаңыз – көмек қолжетімді.

Тікелей қауіп туындаған жағдайда 102 – полиция нөміріне хабарласыңыз. 111 – балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны. 150 – балаларға, жастарға және психологиялық әрі құқықтық қолдауға мұқтаж азаматтарға арналған сенім телефоны.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу – полицияның, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және әрбір азаматтың ортақ міндеті. Көмекке уақтылы жүгіну қайғылы жағдайдың алдын алып, зардап шеккендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іле ауданының полиция басқармасы тұрғындарды бейжай қалмауға және зорлық-зомбылық фактілері мен қауіпсіздікке төнген қатерлер туралы уақытылы хабарлауға шақырады.

102 | 111 | 150 – нөмірлерді есте сақтаңыз. Өзіңізге және жақындарыңызға мұқият болыңыз.



КОД БЕЗОПАСНОСТИ: 102-111-150

С 23 по 25 сентября 2026 года на территории Илийского района проводится профилактическая акция «Код безопасности: 102-111-150», направленная на предупреждение правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений, профилактику насилия и повышение правовой информированности населения.

В рамках акции сотрудники Управления полиции Илийского района проводят разъяснительную работу с населением, информируют граждан о действующих мерах защиты от насилия, порядке обращения за помощью и возможностях получения необходимой поддержки.

Особое внимание уделяется своевременному обращению граждан в компетентные органы в случаях угрозы жизни, здоровью и безопасности. Важно помнить: не следует оставаться один на один с проблемой насилия – помощь доступна.

При возникновении непосредственной угрозы необходимо обращаться по номеру 102 – полиция. 111 – национальный телефон доверия для детей и молодежи. 150 – телефон доверия для детей, молодежи и граждан, нуждающихся в психологической и правовой поддержке.

Профилактика насилия – это общая задача полиции, государственных органов, общественных организаций и каждого гражданина. Своевременное обращение за помощью может предотвратить трагедию и обеспечить безопасность пострадавших.

Управление полиции Илийского района призывает жителей не оставаться равнодушными и своевременно сообщать о фактах насилия и угрозах безопасности.

02 | 111 | 150 – запомните номера. Будьте внимательны к себе и своим близким.

НАЛОГ НА ИМУЩЕСТВО: КТО ОБЯЗАН ПЛАТИТЬ



Управление государственных доходов по Илийскому району напоминает жителям района о правилах уплаты налога на имущество и земельного налога.

Согласно статье 517 Налогового кодекса РК, плательщиками налога на имущество являются физические лица, имеющие объекты налогообложения на праве собственности. Аналогично, в соответствии со статьёй 500 НК РК, земельный налог уплачивают лица, обладающие земельным участком на праве собственности, постоянного землепользования или первичного безвозмездного временного землепользования.

Важно: обязанность по уплате налога прекращается только с момента государственной регистрации перехода права собственности к новому владельцу. Если при продаже дома, квартиры или земельного участка сведения о смене собственника не были своевременно переданы в уполномоченные органы (НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан»), налоговые органы продолжают начислять налог прежнему владельцу – по данным, имеющимся в информационной базе.

Что делать, если налог начислен ошибочно: Если вы продали имущество, но продолжаете получать уведомления о начислении налога, необходимо обратиться в Управление государственных доходов по месту нахождения объекта с копией договора купли-продажи (или иного правоустанавливающего документа). На основании обращения будет направлен запрос для сверки сведений о собственнике и корректировки лицевого счёта.

Своевременное оформление и регистрация сделок с недвижимостью позволяет избежать подобных ситуаций и обеспечивает актуальность данных в налоговой базе.

УГД по Илийскому району ДГД по Алматинской области

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПКСТ «Ардагер-Ветеран» на основании общего коллективного решения сообщает о намерении безвозмездно передать в коммунальную собственность акимата Илийского района следующие объекты и инженерную инфраструктуру: Водозаборную станцию (ВЗС) с распределительными сетями общей протяженностью 45 км; 476 железобетонных и 54 деревянные опоры; линии электропередачи (ЛЭП) – 36 линий; инженерные сети электроснабжения; СИП-кабель марки 3×16 протяженностью 10 км; провода марки АС-35 – 16 км, АС-50 – 3 км, АС-70 – 4 км; 4 трансформаторные подстанции: ТП № 1289 мощностью 250 кВА, ТП № 1294 мощностью 250 кВА, ТП № 1296 мощностью 630 кВА, ТП № 1297 мощностью 250 кВА; 3 главные дороги, общей протяженностью 9,6 км, дороги между линиями, протяженностью 35 км. 2 сторожевых домика, место под медпункт и детскую площадку, с разрушенным зданием, место под центральный офис с недостроенным зданием после пожара, с установленной на территории вышкой Beeline, здание под ОП и приема граждан. В связи с вышеизложенным ПКСТ «Ардагер-Ветеран» отказывается от права собственности на них в установленном Законодательством порядке.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ 3-ЖЭО өндірістік департаментінің Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдарына қатысты Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 2 қазаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде өтеді, https://ndbecology.gov.kz.

Жобаны әзірлеуші: «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС, заңды мекенжайы: Павлодар қ., Торайғыров көшесі, 68/2, БСН 991240015834, байланыстағы тұлға: Чигина Татьяна, e-mail: too.si@mail.ru, тел.: 8 701 758 76 46.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қазақстан Республикасының қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/activities/directions?lang=ru, «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Алматинские электрические станции» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по Программе повышения экологической эффективности к материалам заявки на получение Комплексного экологического разрешения для производственного департамента АО «АлЭС» ТЭЦ-3.

Общественные обсуждения проводятся в разделе Общественные слушания в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан https://ndbecology.gov.kz с 02 октября 2026 года, в течении 5 рабочих дней.

Разработчик проекта: ТОО «СТРОЙИНДУСТРИЯ», юридический адрес: г. Павлодар, улица Торайгырова, 68/2, БИН 991240015834, контактное лицо: Чигина Татьяна, e-mail: too.si@mail.ru, 8 701 758 76 46.

Инициатор: АО «АлЭС», юридический адрес: г. Алматы, проспект Достык, 7, БИН 060640001713, контактное лицо: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727)2540-327, 2540-473.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться в разделе Общественные слушания в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан и на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/activities/directions?lang=ru, в разделе «Публичные обсуждения».

ЖОҒАЛТУ

2019 жылғы 4 мамырдағы Жарлық негізінде **Джуманова Роза Чалкаровна** атына берілген «Күміс алқа» куәлігі жарамсыз деп танылсын.

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Сагиновой Гульнары Абдрашитовны**, умершей 08. 04. 2015 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

Меншік иесі: «Ile tany» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТҰЛЫ

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ 2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП, №KZ30VPY00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №39 Осы шығарылымның таралымы - 10050